

06 ТАМЫЗ 2015



ОСЫ САНДА:

- «INNOVATION MAN» инновациялық жобалар байқауы басталды
- Сафи Өтебаев атындағы білім гранты қазақстандық бес оқытушыға беріледі
- Сұйытылған газ нарығын әртарап тандыру кәсіпкерлік қызметтерге мемлекеттің қатысуын шектеу туралы заң жобасына қайшы келеді
- Ұлттық энергетикалық баяндама 2015

«INNOVATION MAN» ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ

«Innovation man» - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның демеушілік көмегімен KAZENERGY қауымдастығы «Сколково» қоры және Мәскеу қ. Политехникалық мұражаймен бірлесіп ұйымдастырып отырған мұнай-химия, мұнай-газ, атом және энергетика саласындағы инновациялық жобаларды әзірлеушілердің байқауы.

Бұл жоба VIII «ЖАСТАР. ҒЫЛЫМ. ИННОВАЦИЯЛАР» Жастар форумы шеңберінде бастау алды. «Innovation man» байқауы интеллектуалдық дағдыларды дамытуға және ғылымды насихаттауға жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Осы саладағы нақты күрделі мәселелерді шешу үшін инновациялық жобаларды енгізу – басты мақсаттардың бірі.

Байқау II кезеңмен жүргізіледі, біріншісі – іріктеу кезеңі, екіншісі – жобаны таныстыру және қорғау кезеңі. Жобаларды іріктетін I кезеңнің негізгі талаптарына жобаның жаңалығы және инновациялық құрамдас бөліктері, тәжірибелік үлгінің немесе модельдің болуы, іске асырылған іс-қимылдардың болуы, жобаның коммерци-



ялық әлеуеті және іске асырылуы, жобаның өзектілігі және әлеуметтік маңыздылығы жатады. II кезеңде жобаны таныстыру немесе қорғау негізінде жеңімпаз анықталады, осы орайда іріктеудің негізгі, қосымша талаптарына қоса финалда таныстырудың мазмұндылығы, таныстыру дағдылары, сендіре білу, қатысушының дарындылығы, сонымен қатар сұрақтарға берген жауаптары сияқты іріктеу талаптар қойылады. Құрамына KAZENERGY қауымдастығы, «Сколково»

қоры және Мәскеу политехникалық мұражайының өкілдері кіретін байқау комиссиясының екі кезең бойынша шығарған қорытындысы негізінде 3 озат жоба анықталды.

«Innovation man» байқауының жеңімпаздарына «Назарбаев Университетінің», ҚБТУ MBA дәрежесіне оқу гранттары, «Сколково» қорынан 5 млн рубльге дейінгі грант беріледі. Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне жас инноваторлары үшін ұйымдастырылып, 2016 жылы өткізілетін «Сколково» шараларына қатысуға, сонымен қатар X Еуразиялық KAZENERGY форумының Energy4us: «Инновациялық энергетика» көрмесі шеңберінде стендке қатысуға мүмкіндік беріледі.

Толымды ақпарат: <http://kazenergy.com/ru/press/2011-04-18-15-52-18/13741-2015-07-08-19-00-30.html>

КАZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНДА «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰӘҚ ТОБЫНДАҒЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР ТАҚЫРЫБЫМЕН ӘЙЕЛДЕР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЛУБЫНЫҢ (ӘЭК) ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛІ ӨТТІ.

Портфельдік компаниялардың операциялық тиімділігін осыған ұқсас шетелдік компаниялардың деңгейімен бірдей деңгейде жақсарту, сонымен қатар мақсатты ПӘК бір мерзімде қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында Қорды қайта құру пікірталастың басты мақсаты болды.

Дөңгелек үстелге: «KAZENERGY» қауымдастығының Бас директоры Әсет Мағауов, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ активтерді басқару жөніндегі бас директорының орынбасары Алексей Пировов, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «ҚТЖ» ҰК»

АҚ, «Қазпочта» АҚ және басқа да компаниялардың Басқарма басшылары қатысты

Трансформациялау бағдарламасында үш бағыт бар. Ол портфельдік компаниялар құнын арттыру, портфель құрылымын және Қордың инвестициялық қызметтерді жүргізу тәсілін өзгерту, Қорды басқару жүйесінде және оның портфельдік компанияларында өкілеттілік пен жауаптылықты қайта бөлу

Толымды ақпарат: <http://kazenergy.com/ru/press/2011-04-18-15-52-18/13748-2015-07-15-13-29-50.html>

2015 жылғы 1-шілдеде «PSA» ЖШС Бас директоры Кенжебек Ибрашевтың төрағалық етуімен «KAZENERGY» қауымдастығы Ғылыми-техникалық кеңесінің 7-ші мәжілісі өтті.

«ENERCO» ЖШС жобаларының жетекшісі Ерлан Нәбиев қатысушыларға Энергияны коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелері туралы айтып берді. Ол электр энергиясын дұрыс әрі дереу есепке алу – энергетика үшін де, соңғы тұтынушылар үшін де басты фактор болып табылатынын атап көрсетті. Энергияны коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелері кәсіпорындарға тұтынушылармен есептесулерді автоматтандыруға, электр энергиясын дұрыс әрі дереу есепке алуға, электр энергиясы желілерінің техникалық күйіне автоматтандырылған бақылау жауауға және өзара есеп айырысулар мен есептеулердің ашық механизмдеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні ҚР өңірлік желілері бойынша электр энергиясын беру ісін 21 өңірлік электр желісі компаниясы атқарады. Ерлан Нәбиев автоматтандырылған жүйені енгізу жеткізілетін энергияның сапасы мен көлемі бойынша тиімді мониторинг жауауға, сонымен қатар тариф белгілеу мәселелерін бақылауға және пайдалануға бағытталған құралдарды нүктелік пайдалануға және энергетика кәсіпорындарының энергетикалық шаруашылығын жаңартуға мүмкіндік береді деп санайды.

Толымды ақпарат : <http://kazenergy.com/ru/press/2011-04-18-15-52-18/13734-2015-07-02-12-53-48.html>

САФИ ӨТЕБАЕВ АТЫНДАҒЫ БІЛІМ ГРАНТЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БЕС ОҚЫТУШЫҒА БЕРІЛЕДІ



«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы және KAZENERGY қауымдастығы ҚР мұнай-газ ЖОО оқытушылары арасындағы 2015 жылға арналған «Сафи Өтебаев атындағы білім гранты» байқауын қорытындылады. Жалпы алғанда байқауға Республиканың 20-дан астам оқытушысы қатысты. Байқау комиссиясының құрамына KAZENERGY қауымдастығының мүшелері мен серіктестерінің 15 өкілі кірді.

Байқау қорытындысы бойынша қазақстандық бес оқытушы білім грантының иегері атанды. Олар: Дина Түменбаева, Атырау политехникалық колледжі,

Мария Сарт – Бейнеу политехникалық колледжі, Жақсылық Байтайлақов – Геологиялық барлау колледжі, Манар Сисалиева – Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжі, сонымен қатар Ақтөбе политехникалық колледжінің оқытушысы Асқар Аймұқатов.

«Сафи Өтебаев атындағы білім гранты» байқауы қазақстандық мұнайға 110-жыл мерейтойына орай белгіленіп, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы және KAZENERGY қауымдастығының бастамасымен жыл сайын 2009 жылдан бастап өткізіліп келе жатыр. Қатысушылар ғылыми жетістіктері, оқулықтар, әдістемелерді әзірлеуге қатысуы, оқу процесінде инновациялық оқу технологияларын пайдалануы, студенттердің және басқалардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарына жетекшілік етуі бойынша бағаланады.

«АҚ БЕРЕН» КОМПАНИ- ЯСЫ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ҚҰНЫ ТӨМЕНДЕТІЛДІ

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ. «ЭНЕРГОАУДИТ: АҒЫМДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ»



30 маусымда KAZENERGY офисінде «Энергоаудит: ағымдағы мәселелер және оларды шешу жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Оған уәкілетті органдардың, ҚР ҰКП, ГЭР операторы, KAZENERGY қауымдастығы, «Қазақстандық Энергоаудиторлар Қауымдастығы» ЗТБ, аккредиттелген энергоаудиторлық ұйымдардың өкілдері қатысты.

«Қазақстандық Энергоаудиторлар Қауымдастығы» ЗТБ Қоғамдастықпен байланыс жөніндегі вице-президенті Ғұмар Қажкенов 2015 жылғы 14-қаңтардағы жағдайы

бойынша өзгерістері және толықтыруларына қоса «Энегия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» ҚР Заңына қабылданған нормативтік-құқықтық актілер (НҚА) туралы түсіндірді.

Дөңгелек үстелге қатысушылар энергоаудит нарығының ағымдағы жағдайын, тұжырым жасаудың бірегей әдістемесін құруды талқылады, сонымен қатар электронды құжат айналымы мәселелерін де сөз етісті. Энергоаудиторлар мен энергоменеджерлер сияқты мамандарды даярлау мәселесі өзекті тақырыптардың бірі болды.

Дөңгелек үстел шеңберінде энергоаудит қызметтерін өзін-өзі реттеуге көшіру мәселесі, сонымен қатар нарықтағы баға ауытқулары және оның энергоаудитке тигізетін жағымсыз әсерлері туралы мәселелер де көтерілді.

17 шілдеде Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриалдық даму және өндірістік қауіпсіздік комитетінде Комитет төрағасы Құнанбаев Нұрбек Сейітәмзеұлының төрағалық етуімен мәжіліс өтті. Мәжіліс барысында компаниялар мен KAZENERGY өкілдерінің қатысуымен төтенше және апат жағдайларында «Әскери апаттық-құтқару кәсіби қызметтерінің орталық штабы» ВПФО «Ақ Берен» РМК филиалдары жүргізетін қызметтер құнын қалыптастыру мәселелері талқыланды.

«ЦЦ ПВАСС» ВПФО «Ақ Берен», РМК филиалдарының өкілдері мен башыларының ақпаратына сай ҚР ИДМ «Кәсіби апаттық-құтқару қызметтерінің жер қойнауын пайдаланушыларға көрсететін қызметтері ережесін бекіту туралы» 28.04.2015 ж. № 512 бекіткен бұйрығына байланысты мұнай-газ кәсіпорындарына көрсетілетін қызметтердің тарифтерін 30 пайыздан аса төмендеуі күтілуде.

KAZENERGY қауымдастығының өкілдері мұнай-газ саласындағы мәселелерді шешуге бірлесіп күш-қуат жұмсауды ұсынды. Апаттық (фонтанға қарсы) қызметтерге баға белгілеу әдістерін талқылау үшін «ЦЦ ПВАСС» ВПФО «Ақ Берен» өкілдерінің мұнай және серивтсік компаниялардың башыларымен кездесулерін ұйымдастыру қажет.

ҰЛТТЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАЯНДАМА 2015



23-24 шілдеде KAZENERGY офисінде 2015 жылғы Ұлттық энергетикалық баяндаманың қорытынды талқылауы өтті. Онда қатысушылар дүниежүзіндегі энергетикалық жағдайдың өзекті мәселелерін талқылады. Ұлттық баяндама ҚР отын-энергетикалық кешінің ағымдағы жағдайы және даму перспективалары туралы кешенді түсінік қалыптастыру мақсатында әзірленеді.

Жобаны KAZENERGY қауымдастығы, ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, ҚР Энергетика министрлігі, ғылыми-зерттеу институттары, IHS CERA, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және осы саладағы

бірқатар ірі компаниялардың өкілдері әзірледі.

Ұлттық энергетикалық баяндаманың қорытынды нұсқасы Астанада 2015 жылғы қыркүйектің 29-ы мен 1-қазан аралығында өтетін «Энергетиканың жаңа көкжиегі: әріптестік пен инвестициялардың тың мүмкіндіктері» X Еуразиялық KAZENERGY форумында ұсынылатын болады.

ЖЕР ҚОЙНАУЫ ТУРАЛЫ КОДЕКС ЖОБАСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ БЕКІТІЛДІ

17 шілдеде ҚР Үкіметі жанындағы Заң жобалау қызметтері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті мәжілісінде «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекс жобасының тұжырымдамасы және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы мақұлданды.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекс жобасында жер қойнауын пайдалану саласын жетілдіру

бойынша, соның ішінде геологиялық барлауға жеке инвестицияларды ынталандыру, инвесторлар үшін реттеу тұрақтылығын («ойын ережелері») қамтамасыз ету, жер қойнауын пайдаланушылардың реттеуші органдармен өзара қарым-қатынас жасау мерзімдерін барынша қысқарту және жеңілдету бойынша тәсілдер ұсынылған.

Қазіргі уақытта мақұлданған тұжырымдамаларды есепке ала отырып «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекс жобасының мәтінін жазу бойынша жұмыстар жалғасуда.



2015 жылғы 1 маусымда ҚР Парламентінде «Қазақстанның мұнай-газ секторын дамыту мәселелері мен перспективалары» тақырыбында тыңдаулар болды, оның нәтижесінде депутаттар Үкіметке мұнай-газ саласын дамыту бойынша бірқатар ұсыныстар жасады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың қоршаған ортаға эмиссиялау үшін жауаптылығына қатысты ұсыныстар Парламент депутаттарының басты ұсыныстарының бірі болды:

«Нормативтен жоғары эмиссиялар үшін айыппұлдар жер қойнауын пайдаланушыларға Салық кодексінде көзделген тәртіппен салынатынына байланысты, «бір тәртіп бұзушылық – бір жазалау» әділдік қағидатын қамтамасыз ету мақсатында ҚР Үкіметіне Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексте көзделген түзетулерді - нормативтен жоғары эмиссиялар үшін айыппұлдарды тек экологиялық рұқсатсыз жасалған шығарындылар үшін ғана қолдану талабын енгізу қажет;

Экологиялық кодексте - нормативтен жоғары эмиссиялардан қоршаған ортаға келтірілген залалды қоршаған ортаға залал келтірілгені туралы нақты дерек негізінде тек тікелей бағалау әдістерін қолдану арқылы өндіріп алу.».

2015 жылғы 8 шілдеде KAZENERGY қауымдастығы аталған ұсыныстарды талқылау үшін жер қойнауын пайдаланушылардың қатысуымен мәжіліс ұйымдастырды, онда «бір тәртіп бұзушылық – бір жазалау» әділдік қағидатын қамтамасыз ету бойынша ұсынылған тәсіл толықтай қолдау тапты және осы ескертулерді орындау мақсатындағы тиісті ұсыныстар ҚР Энергетика министрлігіне жіберілді.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ЖАҢАНДЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ ӘСЕРІ



27 шілдеде KAZENERGY қауымдастығы және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ негізгі ұйымдастырушылары болып табылатын Стратегиялық сарапшылық клубтың үшінші мәжілісі өтті.

Мәжіліске 30-дан астам сарапшы, олардың ішінде KAZENERGY қауымдастығы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Самұрық-Қазына» АҚ, Инвестициялар және ха-

лықаралық сауда орталығы, Ұлттық экономистер қауымдастығы және басқаларының өкілдері бар. Tengri Partners Басқарушы серіктесі, Imperial College London түлегі Әнуар Үшбаев және Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институтының бас ғылыми қызметкері, экономикалық ғылымдардың докторы Вячеслав Додонов баяндама жасады.

Толымды ақпарат : <http://kazenergy.com/ru/press/2011-04-18-15-52-18/13758-2015-07-28-14-18-03.html>



2016-2020 ЖЖ. АРНАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ПАРНИКТИК ГАЗДАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНА КВОТА БӨЛУ ЖОСПАРЫ



Қазіргі уақытта ҚР Энергетика министрлігі 2016-2020 жж. арналған Ұлттық парниктік газдардың шығарындыларына квота бөлу жоспарын құруға кірісті.

20 және 22 шілдеде Қазақстандық USAID бағдарламасының қолдауымен «Жасыл Академия» НОЦ бірлесіп ҚР Энергетика министрлігі ҚР Энергетика министрі В.С.Школьниковтің төрағалық етуімен энергетика, мұнай және газ, ГМК, көлік және орман секторының өкілдерімен консультативтік мәжіліс өткізді және 2016-2020 жж. арналған Ұлттық парниктік газдардың

шығарындыларына квота бөлу жоспарының жобасын қалыптастыру қағидаттары мен тәсілдерін таныстырды.

Өткізілген мәжіліс шеңберінде қауымдастық өкілдері 2016-2020 жж. арналған Ұлттық парниктік газдардың шығарындыларына квота бөлу жоспарын қабылдауға, сонымен қатар оны қалыптасыру тәсілдері мен қағидаттарына қатысты ұсыныстар мен күдіктерін білдірді.

Таяуда мүдделі қоғамдастықпен талқылауды қамтамасыз ету мақсатында Министрлік ҰКБЖ жобасын Министрліктің веб-сайтына орналастыруды, сонымен қатар аккредиттелген қауымдастықтарға қарауға жіберуді жоспарлап отыр.

Осыған байланысты, ҰКБЖ жобасын талқылауға белсенді түрде қатысуды сұраймыз.

ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША САРАПШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ МӘЖІЛІСІ

28 шілдеде Қаржы-экономика мәселелері бойынша сарапшылық кеңестің кезекті мәжілісі өтті. Мәжіліске «Olympex Advisers ЖШС, «ҚазТрансГаз» АҚ, "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ, Қазақстандағы KPMG «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ, «КННК Интернационал в Казахстане» ЖШС, «Орал Ойл энд Газ» ЖШС, «САУТС-ОЙЛ» ЖШС және басқа компаниялардың өкілдері қатысты.

Кездесу барысында «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне енгізілетін түзетулер талқыланды: геологиялық барлау жұмыстары бойынша шығыстарды шегерімдерге жатқызу және үстеме пайдаға салынатын салық есептеулеріне арналған шегерімдер; барлау келісімшарттары бойынша

салық есептеу мақсатында коммерциялық табудан кейін өндіру басталатын мерзімді белгілеу; «Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының баға дифференциалының құрамдас бөліктерін растау мәселесі; өндірілетін қорлардың қосымша ауқымын тапқан кезде коммерциялық табу бонусын есептеу қиындықтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының трансферттік заңнамасы шеңберінде нарық бағасы туралы ақпарат көздерін қолдану қиындықтары.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ және «ҚазРосГаз» ЖШС өкілдері баяндама жасады.

МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАСЫ ТУРАЛЫ

16 шілдеде «Атамекен» ҚР ҰКП алаңында ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Кейбір заңнамалық актілерге зейнетақымен қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңнамасы шеңберінде еңбекақы қорының (ЕҚ) 5% көлемінде жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен шартты-жинақтау компонентін енгізу бойынша актуарийлік есебінің таныстыруы өтті.

Ұлттық банк ұсынған шартты-жинақтау компонентін енгізу бойынша актуарийлік есептеулер еуропалық әлеуметтік даму деңгейіне сай келетін еуропалық әдістемелерге негізделген. Осы есептеулерді Қазақстан үшін ұсынғанда республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын есепке ала отырып болжам жасаған орынды, алайда экономикалық және әлеуметтік салдарлардың жан-жақты талдауы заңға ұсынылмаған.

Қауымдастық мүшелерімен жүргізілген сауалнамға сай Жұмыс берушінің қаражаты есебінен ЕҚ 5 % көлемінде шартты-жинақтау компонентін енгізу біршама қаржы жүктемесін жүктейді және кәсіпорындардың экономикалық тұрақтылығына қаржы тәуекелдерін ұлғайтады.

Қазіргі уақыттың өзінде жұмыс беруші мыналармен қамтамасыз етіп отыр:

- зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтіндер үшін кәсіби зейнетақы жарнасы – 5%;
- міндетті әлеуметтік сақтандыру;
- 10 МЗП асатын еңбекақы алатын әйелдерге жүктілік және бала босану тәуекелдері бойынша мұндай міндеттемелер ұжымдық шартқа енгізілген жағдайда мемқордағы әлеуметтік сақтандыру төлемі мен орта айлық еңбекақы арасындағы айырманы төлеу.

Бұған қоса, заңнаманы орындау мақсатында жұмыс беруші қамтамасыз ететін басқа да міндетті салық төлемдері мен алымдары бар.

www.kazenergyforum.com



ЕУРАЗИЯЛЫҚ KAZENERGY ФОРУМЫ 2015

29 қыркүйек – 1 қазан
Астана, Тәуелсіздік сарайы



Қырғайтайшы



Қолдаушымен



БАС ДЕМЕУШТЕР



«ҚР КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ САЛЫҚ САЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМА ЖОБАСЫ



2014 жылғы 30 маусымда ҚР Үкіметі жанындағы Заң жобалау қызметтері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның мәжілісінде «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заң жобасының Тұжырымдамасы мақұлданды.

Аталған Тұжырымдамада жер қойнауын пайдалану саласындағы мынадай ұсыныстарды атап көрсеткен жөн:

- ҚР халықаралық кеме тізбесіне тіркелген кеме ұстаушыларды жұмыстар мен қызметтерден түскен табысына халықаралық тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге салынатын табыс салығынан босату, сонымен қатар осы қызмет түрі бойынша шегерімдерді алып тастау;
- өнімдерді басқа магистралдық құбырларға халықаралық тасымалдау, басқа көлік түріне аударуға байланысты жұмыстар мен қызметтерге қатысты нақтылаушы сипаттағы норма;
- Салық кодексінде баррелизациялау коэффициентін айқындау тәртібін белгілеу;
- мұнай өндіру кезінде өндірілетін ілеспе газдың өндірістік өзіндік құнын айқындау

бойынша нормаларды (формулаларды) белгілеу;

- экологиялық төлемдер саласындағы заңнамаларды жетілдіру мақсатында қоршаған ортаға эмиссиялау үшін төлем мөлшерлемесін қайта қарау бойынша және нормативтен тыс эмиссия ауқымы үшін төлем мөлшерлемесін 10 есеге ұлғайту коэффициентін алып тастау, сонымен қатар базалық мөлшерлемелерді 20 есеге ұлғайту коэффициентін алып тастау нормалары ұсынылады.

Бұған қоса, Ведомствоаралық комиссияның осы мәжілісінде мынадай тұжырымдамалық мәселелерді шешуге бағытталған «Табиғи монополиялар және реттелетін нарық туралы» ҚР Заң жобасының Тұжырымдамасы мақұлданды:

- озық халықаралық тәжірибеге сәйкесетін табиғи монополиялар мен реттелетін нарық субъектілерінің қызметтерін ынталандыра отырып реттеу әдістері үшін жағдай жасау;
- барынша тікелей әрекет ететін заң қалыптастыру және табиғи монополиялар мен реттелетін нарық саласындағы өкімшілік кедергілерді азайту;
- табиғи монополиялар мен реттелетін нарық субъектілері қызметтерінің тиімділігін арттыру, сонымен қатар, уәкілетті органдардың айқындығын, соның ішінде өз атқарымдарын жүзеге асыру кезінде қолданылатын аналитикалық әдістер мен ережелер тұрғысынан айқындығын арттыру;
- субъектілердің қызметтеріне бақылауды күшейту.

Бұл позиция ҚР ҰКП Президиумының мүшесі Д.Р.Абылғазиннің төрағалық етуімен өткен Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы Президиумының Мұнай-газ өндірісі комитетінің кезекті мәжілісінде мәлімденді.

Құрамына KAZENERGY қауымдастығының, ірі мұнай-газ компанияларының және бірқатар қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіретін Комитет қатысушылары ТМД нарығында біртұтас оператор құруға үзілді-кесілді қарсы болды. Бұл ұсыныс Yellow Pages Rule (Кәсіпкерлік қызметтерге мемлекеттің қатысуын шектеу туралы заң жобасы) нарық пен бизнесті дамыту бойынша ережелеріне қайшы келеді және Қазақстан нарығының осы сегментін әртараптандыруға мүмкіндік береді. Заң жобасының негізгі идеясы – жеке бизнесі бар нарықта мемкомпаниялар құруға тыйым салу арқылы жекеменшік сектордың дамуына мемсектордың қысымын болдырмау. Сонымен бірге, баға өсуін тоқтату мақсатында Комитет бөлшек сауда бағасын ЖЖМ бағасына сәйкестендіріп реттеу мәселесін қарауға болады деп санайды.

Сұйытылған газ нарығының атқарымдары туралы мәселе таяудағы парламенттік тыңдауларда қаралғанын еске саламыз. Бүгінгі күні сұйытылған газ нарығы мемлекеттік бақылауды және оны ішкі нарықтағы ТМД көтерме саудасына шектеулі баға белгілеу арқылы Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі реттейді. ТМД ауқымы ішкі нарықта ҚР ЭМ аккредиттеген газбен жабдықтаушы ұйымдарының (ГЖҰ) желілері арқылы өткізіледі.

Сондай-ақ, мәжілісте Жаңартуға 100 қадам, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 964 Қаулысымен бекітілген тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезіндегі жергілікті мазмұнды ұйымдардың есептеу әдістемесі негізінде КСШ қорларын есепке алу жүйесін реформалауға байланысты мәселелер және Еуропа-лық экономикалық одақтың Кеден кодексі жобасына ұсыныстар беру мәселесі қаралды.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІ



10 шілдеде «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Президиумының мүшесі Талғат Доскеновтың төрағалық етуімен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Әлеуметтік сала және әлеуметтік серіктестік комитетінің мәжілісі өтті. Күн тәртібінде – еңбек қатынастарын либералдау, жаңа Еңбек кодексін әзірлеу және көптеген басқа да мәселелер.

Комиссия мүшелері ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Төрағасы А.А.Сарбасовтың еңбек қатынастарын либералдау туралы жаңа Еңбек кодексін әзірлеу туралы ақпаратын назарға алды. Сондай-ақ, әлеуметтік-еңбек қатынастары департаментіне, салалық қауымдастықтарға және бизнес өкілдіктеріне жұмыс тобы шеңберіндегі жобалармен істелетін жұмыстарды жалғастыру тапсырылды.

ЕК нормаларының дұрыс орындалмауының себеп-салдарлық байланысына талдау жүргізуге, мүдделердің тепе-теңдігін сақтау және перспективада дау-

ларды болдырмау мақсатында салалық қауымдастықтармен бірлесіп жұмыс жасау қажеттілігіне, заңнама жобасымен тиімді жұмыс істеу мақсатында Парламент Мәжілісінде жаңа ЕК қарау кезінде жұмыс тобы құрамын құру кезінде оның сабақтастығы қағидатын сақтауға Жұмыс тобының назар аударуы ұсынылды.

Бұған қоса, мәжілісте «Кейбір заңнамалық актілерге зейнетақымен қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы туралы мәселелер де қаралды. .

Мәжіліс қорытындысында ұсыныстар бекітілді және ҰКП жұмыс тобын құру және 5 % көлемінде жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен шартты-жинақтау компонентін енгізу бойынша кәсіпорындар экономикасына келтірілетін жүктемені есептеу, сонымен қатар зейнетақымен қамтамасыз ету бойынша баламалы тәсілдерді қарастыру шешімдері қабылданды.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ



9 шілдеде «Атамекен» ҚР ҰКП Басқармасының мүшесі Ю.К.Якупбаеваның төрағалық етуімен «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» ҚР Заң жобасының тұжырымдамасы» тақырыбында қоғамдық тыңдаулар өтті. Тұжырымдаманың негізгі ережелерін талқылау қорытындысы бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру үлгісі бойынша шешімдерді пысықтау үшін жұмыс тобын құру туралы шешім қабылданды. Тұжырымдамада жұмыс берушіге мөлшерлеме көлемін 2017 жылы – 2 % бастап 2020 жылға дейін 5 %–ға кезең-кезеңмен ұлғайта отырып ай сайын міндетті есептеулер төлеу міндеттемесін белгілейтін жаңа міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу қарастырылған. Осы орайда мұндай міндеттемелер 2020 жылдан бастап жарна көлемі олардың жалақысының 2 % құрайтын қызметкерлерге қолданылады. Осыған байланысты, KAZENERGY қауымдастығы мұндай Жүйені енгізу ерте деп санайды. KAZENERGY пікірінше бұл жұмыс берушілер мен қызметкерлерге қосымша қаржы жүктемесін жүктейді; еңбекақының төмендеуіне әкеледі; қызметкерлерге қолдау көрсетудің бір құралы ретіндегі ерікті мед.сақтандыру институтын жояды. Осы позиция сарапшылық тұжырымдамада баяндалды және ҚР Әділет министрлігіне жіберілді.

12.Әлеуметтік сала және әлеуметтік серіктестік комитетінің мәжілісі

АССОЦИАЦИЯ МҮШЕЛЕРІ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

2015 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ҚМГ БӨ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ («Компания», «ҚМГ БӨ») 2015 жылдың бірінші жарты жылдығындағы операциялық нәтижелерді жариялайды. «Қазгермұнай» БК» ЖШС (ҚГМ), «ССЕЛ» («Қаражанбасмұнай» АҚ) және «ПетроҚазақстан Инк.» (ПҚИ) компанияларындағы үлестерді есепке алғанда, ҚМГ БӨ 2015 жылдың алғашқы алты айында 6 122 мың тонна (тәулігіне 250 мың баррель) мұнай өндірді, бұл 2014 жылдың осындай кезеңіндегіден 0,3%-ға артық.

«Өзенмұнайгаз» АҚ (ӨМГ) 2 722 мың тонна (тәулігіне 111 мың баррель) өндірді, бұл 2014 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 95 мың тоннаға (тәулігіне 4 мың баррель) немесе 4%-ға артық. «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) 1 385 мың тонна (тәулігіне 56 мың баррель) өндірді, бұл 2014 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда сәл кем. Нәтижесінде ӨМГ және ЕМГ жалпы өндіру көлемі 4 107 мың тоннаны құрады (тәулігіне 167 мың баррель), бұл 2014 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 2%-ға артық.

ҚМГ БӨ-нің ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларындағы өндіру үлесі 2015 жылдың алғашқы алты айында 2 015 мың тоннаны (тәулігіне 83 мың баррель) құрады, бұл 2014 жылдың осындай кезеңіндегіден 3%-ға кем, және өндіру

жоспарына сәйкес.

2015 жылдың алғашқы алты айында ӨМГ мен ЕМГ 4 162 мың тонна (тәулігіне 166 мың баррель) мұнай сатты. Есеп беріліп отырған кезеңде ӨМГ мен ЕМГ экспортқа мұнай сату көлемі 2 365 мың тоннаны (тәулігіне 94 мың баррель) құрады. Ішкі нарыққа 1 231 мың тонна (тәулігіне 49 мың баррель) мұнай мен мұнай өнімдері сатылды. Оның 1 101 мың тоннасы (тәулігіне 44 мың баррель) Атырау мұнай өңдеу зауытына ӨМГ мен ЕМГ қорынан жөнелтілді, 96 мың тоннасы (тәулігіне 4 мың тонна) ЕМГ қорынан Павлодар мұнай-химия зауытына жөнелтіліп, 34 мың тонна мұнай өнімдері (тәулігіне 1,4 мың баррель) ішкі нарықта сатылды.

Бұған қоса, Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы үкіметаралық келісіміне сәйкес, өзара мұнай жеткізу шарттары бойынша Ресейге 566 мың тонна (тәулігіне 23 мың баррель) мұнай жөнелтілді. Ресей Федерациясына жіберілетін мұнай көлемін ҚР Энергетика министрлігі белгілейді. Компанияның пайымдауы бойынша, 2015 жылы ӨМГ мен ЕМГ ішкі нарыққа 2,3 млн. тонна (тәулігіне 46 мың баррель) мұнай сатады.



«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ-НЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ ІІ ТОҚСАНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ



2015 жылдың ІІ тоқсанының қорытындысы бойынша Қазақстанда (СТХК есептемегенде) 5 883 тонна уран өндірілді, бұл жоспарлы көрсеткіштерге толық сәйкес келеді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді кәсіпорындардағы қатысу үлесін қоса есептегенде 2015 жылдың ІІ тоқсанында 3 177 тонна уран өндірілді.

«Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ есепті кезеңде 414,76 тонна бериллий, 40,12 тонна тантал және 14,75 тонна ниобий өнімдерін шығарды.

2015 жылғы ІІ тоқсанда «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС Ақтау қаласы мен Маңғыстау облысындағы тұтынушылар үшін 1 134,36 млн кВт*сағ электр энергиясын, 765 мың ГКал жылу энергиясын, 285,7 млн текше метр су, соның ішінде 2,88 млн текше метр ауыз су өндірді. Бұл көрсеткіштер өңірдің энергия ресурстары мен суға болған қажетін қанағаттандыра алады.

Есепті кезеңде «Уран байыту орталығы» ЖАҚ 1 621 267,7 БЖБ (бөлу жұмысының бірлігі 1 кг уранды белгілі деңгейге дейін байытуға жұмсалатын электр энергиясының шығынын сипаттайды) көлемінде байытылған уран өнімін өндіру және жөнелту бойынша жұмыстар атқарды.

«SARECO» БК» ЖШС 2015 жылғы ІІ тоқсанда 1,4 тонна сирек жер металдардың ұжымдық концентратын шығарды.

Екінші тоқсанда «Астана Solar» ЖШС жалпы қуаты 1,844 МВт энергияға тең болатын 6 786 панель жасап шығарды.

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІМЕН!



*Құрметті қауымдастық мүшелері мен
серіктестері!*

*Сіздерді KAZENERGY қауымдастығы Қазақстан
Республикасының Конституциясы Күнімен шын
жүректен құттықтайды !*

*Біздің еліміздің Ата Заңы біздің тарихымызды,
салт-дәстүрімізді және саяси мәдениетімізді, ең
бастысы – қазақстандықтардың өздерін
бейнелейді.*

*Барлықтарыңызға шын жүректен денсаулық,
тұрақтылық және еліміздің игілігі жолында
жаңа табыстар тілейміз !*



Бюллетеньге ақпараттарды
жариялау мәселесі бойынша
KAZENERGY баспасөз
қызметіне хабарласыңыз
Тел: +7(7172) 710181
Alimova@kazenergy.com